



Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Атом энергиясы жөніндегі комитетінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1999 жылғы 18 тамыз N 1197. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.09.23. N 1442 қаулысымен. ~P001442

"Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 сәуірдегі N 352 P990352_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Атом энергиясы жөніндегі комитеті туралы ереже;

2) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Атом энергиясы жөніндегі комитетінің құрылымы бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жыл 28 шілдедегі N 1182 P971182_

қаулысының
(Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 34, 318-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 18 тамыздағы
N 1197 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің

Атом энергиясы жөніндегі комитеті туралы

Ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Атом энергиясы жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің арнайы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасында ядролық қаруды таратпау режимін қамтамасыз ету және атом энергиясын қауіпсіз пайдалануды реттеу саласындағы басқаруды жүзеге асыратын ведомствосы болып табылады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, басқа да нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдастыру-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы жазылған мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңдарға сәйкес банктерде шоттары болады.

Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

Комитет, егер оған заңдарға сәйкес уәкілеттік берілетін болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқылы.

4. Комитет өз құзыретінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының аумағында міндетті күші бар заңдарда белгіленген тәртіппен бұйрықтар шығарады.

5. Комитеттің құрылымы мен штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

6. Комитеттің заңды мекен-жайы:

480020, Алматы қаласы, Лиза Чайкина көшесі, 4.

7. Комитеттің толық атауы - "Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Атом энергиясы жөніндегі комитеті" мемлекеттік мекемесі.

8. Осы ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

9. Комитеттің қызметін қаржыландыру тек республикалық бекеттен ғана жүзеге асырылады.

Комитетке кәсіпкерлік субъектілермен Комитеттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау нысанасына шарттық қатынастарға түсуіне тыйым салынады.

Егер Комитетке заң актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыруға құқық берілсе, онда мұндай қызметтен түскен кіріс республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Комитеттің негізгі міндеттері, функциялары мен құқықтары

10. Комитеттің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- 1) атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік реттеу;
- 2) ядролық материалдар мен иондаушы сәуле көздерін есепке алу мен бақылаудың мемлекеттік жүйесінің жұмысын қамтамасыз ету;
- 3) атом энергиясын пайдалану саласында тауарлар мен қызмет көрсетулердің экспорты мен импортын мемлекеттік бақылау;
- 4) тізімдері, халықаралық ядролық қаруды таратпау режимдерімен белгіленетін ядролық материалдар, технологиялар, жабдықтар, қондырғылар, арнаулы ядролық емес материалдар, өнімдер, қос мақсаттағы жабдықтар мен материалдарды, сондай-ақ иондаушы сәуле көздері мен изотоптық өнімдерді экспорттауды бақылау;
- 5) Қазақстан Республикасының аумағында ядролық және радиациялық қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуін мемлекеттік қадағалау, атом энергиясын пайдаланатын объектілердегі аварияға қарсы жоспарлауды бақылау, сондай-ақ ядролық материалдар мен қондырғылардың физикалық қорғалуының қамтамасыз етілуін қадағалау.

11. Комитет заңдарда белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) атом энергиясын қауіпсіз пайдалану саласында, оның ішінде техногендік және табиғи иондаушы сәулелердің тұрғындар мен қоршаған ортаға мүмкін зиянды әсерін болдырмау және төмендету саласында мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) атом энергиясын қолдану объектілер персоналы мен олардың орналасқан аудандарында тұратын және еңбек қызметін жүзеге асыратын тұрғындарды қорғау, сондай-ақ ядролық қаруды таратпау режимін, атом энергиясын қолдану кезінде ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының құқық меншігіндегі ядролық, радиоактивтік және арнаулы ядролық емес материалдар, қос пайдаланыстағы материалдардың мемлекеттік бақылауын жүзеге асырады;

3) ядролық, радиоактивтік және арнаулы ядролық емес материалдар, қос

пайдаланыстағы материалдар мен ядролық технологиялар және атом энергиясын қолдануға тиісті басқа да тауарлар мен жұмыстардың экспорты мен импортын, оның ішінде коммерциялық мақсаты мен коммерциялық емес өзгешелікті аудару, сату, болмаса сатып алуды, бақылауды жүзеге асырады;

4) Қазақстан Республикасының Үкіметіне жыл сайын атом энергиясын пайдалану объектілері қауіпсіздігінің жай-күйі туралы есеп ұсынады;

5) техникалық және технологиялық нормаларды, ережелер мен стандарттарды қамтитын нормативтік актілерді әзірлеуді ұйымдастырады, өз құзыретіндегі мәселелер бойынша оның ішінде атом энергиясын пайдалануға байланысты қызметті жүзеге асыратын адамдарға қойылатын талаптар мен оларды жұмысқа жіберудің тәртібін белгілейді;

6) жеке және ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан заңды тұлғалардың атом энергиясын пайдалану саласындағы нормативтік және нормативтік құқықтық актілерді сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

7) ядролық объектілер мен қондырғылардың олардың жұмыс циклының барлық кезеңдеріндегі қауіпсіздігін негіздейтін материалдарды қарайды және келіседі;

8) ядролық материалдардың мемлекеттік есебін жүргізеді және оларды сақтау, тасымалдау мен пайдалану кезінде қорғауын қамтамасыз етуді қадағалауды жүзеге асырады;

9) ядролық қаруды таратпау режимін қамтамасыз етумен ядролық және энергияны қауіпсіз пайдаланумен байланысты қызметті жүзеге асырады, Қазақстан Республикасы басқа ұйымдарының Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттікпен (АЭХАГ) және басқа да тиісті халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимылын жүзеге асырады және үйлестіреді;

10) авариялық байланысты ұйымдастыруды, аварияға қарсы жоспарлауды бақылауды, ядролық және радиациялық авариялар мен авариялық жағдайлар туралы мамандандырылған халықаралық ұйымдармен және басқа мемлекеттердің қадағалау ұйымдарымен жедел ақпарат алмасуды жүзеге асырады;

11) өз құзырындағы мәселелер бойынша зерттеу және ғылыми жұмыстарды ұйымдастырады, осы саладағы халықаралық ынтымақтастыққа қатысады;

12) атом энергиясын қауіпсіз пайдалану және ядролық қаруды таратпау режимінің шарттарын орындау саласындағы Қазақстан Республикасының заңдарын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлейді;

13) өзіне заңдармен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

12. Комитет заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) атом энергиясын пайдалануға байланысты қызмет түрлерін лицензиялауды

жүзеге асыруға және лицензиялық ережелердің сақталуын бақылауды жүзеге асыруға;

2) атом энергиясын пайдалануға байланысты кез келген қызметті инспекциялауға және бақылауға, осы мақсатта атом энергиясын пайдалану объектілерін және олардың қызметін сипаттайтын құжаттарға кедергісіз қол жеткізуге, сондай-ақ мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыру мақсатында өлшеулер жүргізуге, сынама жасауға және алуға тиісті аспаптар мен жабдықтарды орнатуға;

3) ядролық қондырғының бір бөлігі ретінде жоспарланып отырған ядролық отынның немесе құрылғылар мен жабдықтарды әзірлеу жөніндегі талаптарды бақылауды осындай іс-қимылды келісу жолымен жүзеге асыруға;

4) ұйымдар мен азаматтардан атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметті бақылау мен қадағалауға, сондай-ақ Комитетке жүктелген өзге де міндеттерді іске асыруға қажетті мәліметтер мен құжаттарды қандай бір болмасын шек қоюсыз сұратуға және алуға;

5) қызметкерлерге, халыққа немесе қоршаған ортаға тікелей қауіп тудыруға әкеп соғатын жағдайлар анықталған ретте заңды тұлғалардың атом энергиясын пайдалану қызметті тоқтата тұру немесе тоқтату туралы мәселе қоюға;

6) атом энергиясын пайдалану саласындағы заңдарды бұзған тұлғаларды жауапқа тарту мәселелері бойынша тиісті мемлекеттік органдарға ұсыныстар енгізуге;

7) қызметі атом энергиясын пайдалануға байланысты мемлекеттік кәсіпорындар мен өзге де ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату жөнінде ұсыныстар енгізуге;

8) заңдарға сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы

4. Комитеттің мүлкі

13. Комитеттің жедел басқару құқығындағы оқшауланған мүлкі болады.

14. Комитетке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

15. Комитет өзіне бекітіліп берілген мүлікті өздігінен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

Комитетке заңдармен белгіленген жағдайлар мен шектерде мүлікке билік ету құқығы берілуі мүмкін.

4. Комитеттің қызметін ұйымдастыру

16. Комитетті Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке

тағайындайтын және қызметтен босататын Төраға басқарады.

Төрағаның Комитеттің төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасары болады.

17. Комитет төрағасы Комитет жұмысын ұйымдастырады және басқарады,

Комитетке жүктелген міндеттерді орындауға және ол өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауап береді.

18. Комитет төрағасы осы мақсатта:

1) өзінің орынбасары мен Комитеттің құрылымдық бөлімшелерінің міндеттері мен өкілеттігін айқындайды;

2) заңдарға сәйкес Комитеттің қызметкерлерін қызметке алады және қызметтен босатады;

3) заңдарда белгіленген тәртіппен Комитет қызметкерлерін көтермелеу және оларға тәртіптік шаралар қолдану туралы шешімдер қабылдайды;

4) Комитеттің бұйрықтарына қол қояды;

5) Комитеттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

6) мемлекеттік органдарда және басқа мекемелерде Комитеттің атынан өкілеттік етеді;

7) заңдарға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

5. Комитетті қайта ұйымдастыру және жою

19. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1999 жылғы 18 тамыздағы

N 1197 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Ғылым және

жоғары білім министрлігінің

Атом энергиясы жөніндегі комитетінің

Құрылымы

Басшылық

Ядролық қауіпсіздік бөлімі

Радиациялық қауіпсіздік бөлімі

Ядролық материалдар және технологияларды бақылау бөлімі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.